

## Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 44 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 5 наурызда № 6800 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 325 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 11.05.2018 № 325 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы 19-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.С. Өжкенов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары-  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы  
№ 44 бұйрығымен бекітілді

## **Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссиялар туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі өңіраралық комиссияның (бұдан әрі – БИӨК) қызметін ұйымдастыруды, олардың құрамын, материалдарды және құжаттарды жинау мен сақтау тәртібін айқындайды.

2. БИӨК құру мақсаты кең таралған пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу, бағалау және игеру жөніндегі жобалау құжаттарын қарау болып табылатын жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның әрбір аумақтық бөлімшесінің алқалы органы болып табылады;

БИӨК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің заңдарына, актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. БИӨК құрамын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы бекітеді. БИӨК құрамына мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері және келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ тау-кен өндіру мен қайта өңдеу салаларының мамандары кіреді.

**Ескерту 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.08.2013 № 258 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. БИӨК қызметін ұйымдастыруды, іс жүргізуді, БИӨК материалдары мен құжаттарын жинау мен сақтауды, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

### **2. БИӨК-та материалдарды қарау тәртібі**

5. Жер қойнауын пайдаланушы қағаз және электрондық тасығыштарда бес данада жобалық құжаттарды, андатпаны БИӨК-ке жібереді.

6. БИӨК-ке жер қойнауын пайдаланушылар кең таралған пайдалы қазбалар кенорындарын барлау мен игеру бойынша жобалау құжаттарын, оларға өзгерістер мен толықтыруларды:

1) кең таралған пайдалы қазбалар бойынша міндетті мемлекеттік экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық

сараптамалары бар іздестіру жұмыстарының жобасын, бағалау жұмыстарының жобасын, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасын;

2) міндетті мемлекеттік экологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалары бар, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша және жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы өнеркәсіптік әзірлемелердің жобасын ұсынады.

7. Кең таралған пайдалы қазбалар бойынша іздеу жұмыстарының жобасы, бағалау жұмыстарының жобасы, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасы, өнеркәсіптік әзірлемелер жобасы және оларға өзгерістер мен толықтырулардың жобалары БИӨК-ке келіп түскен күннен бастап бір ай (отыз күн) ішінде қаралады және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі БИӨК-тен ұсыныстар (ұсынымдар) келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде бекітеді немесе бекітуден бас тартады.

8. Жер қойнауын пайдаланушыға егер Ереженің 6-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген сараптамалардың бірінде теріс қорытынды болса, іздеу жобасына, бағалау жұмыстарының жобасына, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге рұқсат берілмейді.

Егер ұсынылып отырған өзгерістер және (немесе) толықтырулар кенорындарын игерудің оң тәжірибесіне, жер қойнауын ұтымды әрі кешенді пайдалану жөніндегі талаптарға сәйкес келмесе және Ереженің 6-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген сараптамалардың бірінде теріс қорытындысы болса, жер қойнауын пайдаланушыға өнеркәсіптік әзірлемелер жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге рұқсат берілмейді.

9. БИӨК отырысының хаттамасын ресімдеуді БИӨК хатшысы жүзеге асырады. БИӨК отырысының хаттамасына БИӨК-тің отырысына қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

10. Ерекше пікірге БИӨК мүшелерінің жазбаша түрде жазылуға және хаттамаға тіркелуге тиіс.

11. БИӨК-ты төраға, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары басқарады.

12. БИӨК ұсыныстары отырысқа қатысып отырған БИӨК мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

13. БИӨК отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және егер оларға БИӨК мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады.

БИӨК мүшелері өздерінің қызметтеріне ауыстырылу құқығынсыз қатысады.

14. БИӨК ұсынысы (ұсынымы) бойынша қабылданған жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлмшесінің шешімі

меншік нысанына қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілері, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды барлау және игеруді жобалау және жүзеге асырумен айналысатын шетелдік субъектілер үшін орындалуы міндетті болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ